

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ **11** (59)
30 желтоқсан 2014 жыл

SWISS

Павлодар жастарының газеті

Тәуелсіздік - қазақ халқы үшін қатардағы түсінік емес, бұл қазақ халқының тарихи болмысындағы аңсаған арманы. Тәуелсіздік - барша халқымыздың күрес пен еңбек, ілім-білім мен өнерінің шабытына қамшы басқан үміті. Бұған дәлел - азаттық үшін шаттанған ата-бабамыздың жолы.

3-4
беттер

**Асыл сөздің
иесі - Мәшһүр**

5-бет

МӘШҲҮР ЖҮСІП
КЕСЕНЕСІ



**Бала тілі - бал:
Тәуелсіздік -
тәтті ұғым**

7-бет



8-бет



**Заттыбек
Көпбосынұлы:**
**Өнердің жүзін де,
жақсылығын да
көтеруге бел будым**

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ – ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТАҢДАУ

2014 жылдың 19-20 желтоқсан күндері Павлодар қаласында «Еуразиялық таңдау» I халықаралық форумы өтті. Форум жұмысы «Еуразиялық таңдау» халықаралық пікірталас клубы, «Павлодар облысы Қазақстан жастарының конгресі» қоғамдық қоры және «ASIA-PV GROUP» компаниялар тобының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Форумға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Молдова, Армения, Украина, Әзербайжан мемлекеттерінің өкілдері қатысты.

Форумның басты мақсаты – Еуразия елдерінің сарапшылық және медиалық қоғамдастықтары, ғылыми және іскери топтар арасындағы диалогты ұйымдастыру арқылы еуразиялық ықпалдастықтың ең өзекті мәселелеріне бірлескен конструктивті тәсілдеме жасау. Сонымен қатар, Еуразия елдерінің жас мамандары үшін Еуразиялық экономикалық одақтың нақты және әлеуетті артықшылықтарын анықтау болатын.

Алғаш рет өткен форумда: жетекші саяси қайраткерлер, профилді мемлекеттік институттардың өкілдері, жетекші сарапшылар және қоғамдық бірлестіктер өкілдері, жастар ұйымдарының өкілдері, БАҚ, діни бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері, ғылым және білім саласы, бизнес өкілдері қатысты.

Павлодар облысы әкімінің орынбасары Арын Өрсариев бүгінгі күні Қазақстанның еуразиялық ықпалдастық қадамының маңыздылығын атап өтті. «Сыртқы кедендік шекараны қалыптастыру мақсатында 1995 жылы Еу-

рАзЭО құру арқылы Еуразиялық ықпалдастыққа алғашқы қадам жасалды. Екінші кезең – кедендік одақ құру. Үшінші кезең – Еуразиялық экономикалық одақты құру. Енді міне келер жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық одақ өз жұмысын бастайды. Ол экономикалық және геосаяси құбылыстардың орталығына айналмақ», – деді Арын Өрсариев.

Павлодар облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының Жастар бастамаларын дамыту орталығына өзге мемлекеттердің депутаттары іс-сапармен атбасын бұрды.



Олар жастардың мәселелерін қарастыратын орталықтың жұмыс бағдарына оң баға берді. Ал «Жастар бастамаларын дамыту орталығына» келген Ресей Федерациясының саясаткері, дпутат Вадим Денгин бүгінгі жастардың мәселелеріне былайша баға берді: «Жастар өздерін өзі жасау керек деп есептеймін. Біріншіден жастар мемлекеттен барлық жағдайды талап еткеннен бұрын, өздері еліне пайдасын тигізулері туралы ойланғаны абзал. Бүгінде адамдардың 60 пайызы оқыған мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Сол себепті, жастар-

ға айтарым мамандық таңдауда мұқият болған жөн», – деді ресейлік саясаткер.

Пленарлық отырыста тараптар өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақтың медиалық бейнесінің мазмұндық толтырылымы мен ілгері өрлеуін талқылап, осы орайда бірлескен ұсыныстар құрастырды. Қатысушылар еуразиялық кеңістіктің келешегі мен мәселелерін қарастырып, еуразиялық аймақтағы жастардың рөлі жөнінде пікірталас алаңын ұйымдастырды.

Назгүл РАБИЛОВА


ЖАСТАР АЙНАСЫ



Шараға С.Торайғыров атындағы ПМУ этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы мұрындық болды.

Аталмыш жинақтың алғы сөзінде Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі Төрағасының кеңесшісі, филология ғылымдарының кандидаты Айнұр Әбдірәсілқызы «Білім+» жобасын жүзеге асыруға белсенді атсалысып, жобаға қанат бітірген С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаевтың қызметіне оң баға берді. «Тәжірибелі басшы, білікті ғалым Серік Мәуленұлы Өмірбаев басқаратын С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті студенттер арасындағы дінтанулық сауаттылықты жетілдіру мәселелеріне жан-жақты көңіл бөліп, тиімді де әсерлі шараларды жүзеге асыруымен ерекшеленуде. Бұл орайда университет жанынан құрылған этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығының үлесі зор», – деп орталықтың атқарған қыруар жұмысына да тоқталып өтті Айнұр Әбдірәсілқызы.

Сонымен қатар, Павлодар облысы Дін істері басқармасының басшысы Ержан Рахимжановтың атынан «Білім+» ақпараттық-ағартушылық жобасын жүзеге асыруына, діни сауаттылықты жетілдіру мәселелеріне жан-жақты көңіл бөліп, жастардың діни санасын, рухани бағдарларын қалыптастыруға үлес қосқаны үшін С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаевқа алғыс хат табыс етті.



«Білім+» жобасының авторы, яғни құрастырушысы әрі үйлестірушісі С.Торайғыров атындағы ПМУ этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы. Орталықтың басшысы Нұржамал Тышқанованың айтуынша жоба ерекшелігі ата-баба дәстүрі мен дінінен, отанға деген патриоттық рухынан, рухани-адамгершілік құндылықтарынан тамырлаған тағылымды насихаттауға бағытталған шараларды оқытушылар, магистранттар мен студенттер болып бірлесе отырып жасайтындығында болып отыр. «Бүгінде аталмыш жоба С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттерінен өзге де ел жастарының діни сауаттылығын ашу жолында табысты да жемісті қызмет етіп келеді. «Білім+» жобасының нәтижесі Павлодар мемлекеттік университетінің әрбір факультеттерінде «Бірлігіміз жарасқан!» ұранымен «Білім+» атты ақпараттық-ағартушылық топтар құрылып, студенттер мен магистранттар арасында діни сауаттылық деңгейін арттыру жұмыстары жүзеге асуда», – деді Нұржамал Сағадатқызы.

Бұл жоба жастарға діни салада болып жатқан тенденциялар жөнінде ақпарат беріп, деструктивтік және тоталитарлық бағыттағы дәстүрлі емес ағымдардың енуінің алдын алу, деструктивтік

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ЖАСТАРҒА ЖОЛ

2014 жылдың 18 желтоқсанында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жастар ортасында діни сауаттылықты жетілдіру және діни экстримизмнің идеологиясына қарсы әрекет мәселелерін көтерген семинар-кеңестің кеңейтілген отырысы өтті. Семинар отырысында «Білім+» жобасы бойынша материалдар жинағының тұсауы кесілді.



діни ағымдар мен идеялардың әсер етуіне ақпараттық-парасаттық иммунитеттің қалыптасуы сынды мақсаты толығымен орындады деуге әбден болады.

«Білім+» жобасы бойынша материалдар жинағының жарық көруіне С.Торайғыров атындағы ПМУ этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы мұрындық болды.

Семинар барысында Этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің АҒПО мамандары қазақ, орыс тілдерінде дайындаған «Білу қажет» атты ақпараттық бұқтемелері студенттерге таратылды. Бүктемені дайындаған орталық маманы Айнаш Шаймерден және С.Торайғыров атындағы ПМУ гуманитарлық-педагогикалық факультет студенті Әділет Мейрманов.

Бұл іс-шара деканат, құрылымдық бөлімше қызметкерлеріне, факультеттердің ақпараттық-ағартушылық топтардың, студенттік ұйымдардың мүшелеріне жастар ортасына деструктивтік бағыттағы дәстүрлі емес мұсылмандық ағымдар идеологиясы-

ның енуіне қарсы әрекет және лаңкестікке қарсы негіздерді түсіндіру мәселесі бойынша ақпараттық-кеңестік қызмет, әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткізіледі.

Семинар жұмысына факультет декандары, декандардың орынбасарлары, кафедралардың меңгерушілері, әдвайзерлер, магистранттар мен студенттер, діни сауаттылықты жетілдіру бойынша ақпараттық-ағартушылық топтардың мүшелері, студенттік өзін-өзу басқару жастар ұйымдарының басшылары және мүшелері, сондай-ақ, Павлодар облысы дін істері басқармасы «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жөніндегі бөлім басшысы Заида Асанбаева, теолог, исламтанушы, Павлодар қаласы «Ақ мешіт» мешітінің имамы Жолдас Бертымұратов қатысты.

Іс-шараның бағдарламасында онлайн-тәртіпте Ақтөбе облысы Дін істері басқармасы «Аңсар» орталығының теологтарымен

тағылымды әңгіме орнады. Семинарға қатысушылар назарына теолог Асқар Сабдиннің «Құран және қазіргі кезеңдегі ханафиттік мазһаб мектебінің шариғат негіздері» және теолог Төлеген Талдыбаевтың «Деструктивтік бағыттағы дәстүрлі емес мұсылмандық ағымдардың идеологтарының тарту түрлері мен әдістері және жастар аудиториясымен жұмыс жасау ерекшелігі» тақырыбын арқау еткен кеңестері ұсынылды.

Және де, қатысушыларға жастар ортасында діни экстремизмді насихаттауға қарсылықтың қазіргі түрлері мен әдістері туралы және радикалды идеологияның ықпалына түскен әдептермен жеке жұмыстың ерекшелігі жөніндегі теологтардың кеңестері берілді.

Павлодар облысы Ішкі істер департаменті экстремизмге қарсы күрес бөлімі басшысының м.а. Жанат Слямов жиналғандарға діни экстремизмнің идеологиясына қарсы әрекет мәселесінде ҚР заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасындағы өзгерістер мен толықтырулармен таныстырды. Этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің АҒПО директоры Нұржамал Тышқанованың өз сөзінде Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген міндеттер контекстінде ақпараттық-ағартушылық жұмыстардың ерекшелігі туралы ақпарат берді.

Ал шара соңында «Білім+» жобасын жүзеге асыруға атсалысқан белсенділер марапатталды. Мұнымен қоса, семинар-кеңес жұмысы жастар ортасына діни экстремизм мен лаңкестік идеологиясының енуіне қарсы әрекет бойынша жұмысты жетілдіруге, студенттердің діни ақпараттылық дәрежесін арттыруға бағытталған ұсыныстарды дайындаумен қортыланды.

Жанар ЕЛЕШОВА

ТӘУЕЛСІЗДІК АТА-БАБАДАН МИРАС БОЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ



Қартайған Ертістің ағымына ілескен тарихтың толқыны бізді тәуелсіздігіміздің 23 жылдық мерекесіне де жеткізді. Жылдан жылға тарихтың ағымы әлемдегі құбылыстардың әсерімен ұдайы күшейіп келеді, тарихи үрдіс пен өзгерістердің қарқыны анық байқалады. Жаһанданудың әсерімен жанталасқа түскен еліміз үшін құны жетпес Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында еліміздің осы тәуелсіздік үшін өткен тарихи жолына, қазақ халқының жандындағы оның құндылығы мен маңызына ой өрбіту қажет.

Тәуелсіздік – қазақ халқы үшін қатардағы түсінік емес, бұл қазақ халқының тарихи болмысындағы аңсаған арманы. Тәуелсіздік – барша халқымыздың күрес пен еңбек, ілім-білім мен өнерінің шабытына қамшы басқан үміті. Бұған дәлел – азаттық үшін шаттанған ата-бабамыздың жолы.

Сонау сақ-ғұн заманында ата-бабаларымыз тәуелсіздік жолында алпауыт Парсы мен Хань империяларына қарсы тұрды. Ғұндардың қаһары мен қуатының күштілігі сонша бүкіл Аспанастан елін біріктірген Цинь императоры Шихуан-ди оларға қарсы Ұлы қытай қорғанын салды.

Көшпелі ата-бабамыз өз өркениеті мен мәдениетінің болмысын сақтап қалып, өз мемлекеттілігін қалыптастырды. Мемлекеттілік – қазақ халқы үшін 1991 жылы алғаш туындаған жаңалық емес, осы жылы біз өзіміздің мемлекеттілігімізді жаңғырттық, қайта тәуелсіз ел болдық. Қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Ежелгі ғұн заманында Орда институты қалыптасып, көшпелі қоғамның спецификалық мемлекеттілігінің формасына айналды.

Көптеген Еуропаның халықтары әлі қалыптаспай жатқанда, біздің тікелей ата-бабаларымыз – түріктер 551 жылы тәуелсіздік жолында көрші жатқан жужандардың бодандығынан құтылып, Қара теңіз бен Көрей теңізіне дейін Еуразияның ұлан-ғайыр далаларын алып жатқан ұлы империяның негізін қалады. Түркі заманында ерекше көшпелі әлемнің мемлекеттілік нышанына айналған – қағанат жүйесі қалыптасып, көрші жатқан моңғол мен угор халықтарының мемлекеттілік институтының негізі болды. Бұған дәлел – Хазар, Авар қағанаттары. Ұлы жаулаушы Шыңғысханның өзі қаған атанған.

Көшпелі әлемнің екі алпауыты – түркі мен моңғол халықтарының тарихының сабақтастығы анық. Шыңғысхан мен оның ұрпақтары құрған империя тек моңғол халқы үшін туған орда болған емес, бұл империя – бүкіл көшпелі әлем үстемдігінің символы. Ата-бабаларымыз Шыңғыс ханның мұрасын, оның ұрпақтары – төрелерді ерекше қадірлеп, өзіндей көрген. Қазақ халқы моңғол ұлыстарын, Алтын Орданы бөтен, жаулаушы халықтың емес, өз мемлекеттілігі деп таныған. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек пен Керейдің өздері Шыңғыстың ұрпақтары еді.

Қазақ хандығының дәуірі – қазақтың ұлттық егемендігі мен тәуелсіздігінің шарықтаған шыңы. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» – тайға таңба басқандай қазақ мемлекеттілігінің нышандары, қазақ

тәуелсіздігінің айқын айғағы. Жәнібек пен Керей, Қасым мен Хақназар, Тәуекел мен Есім хандардың жетекшілігімен халқымыз 300 жылдық тәуелсіз хандық дәуірінде өмір сүрді. Осы дәуірді халқымыз «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» бейбітшілік пен азаттық дәуірі деп еске түсіреді. Алайда, халқымыздың бейбіт өмірі тәуелсіздік үшін күреске түскен сындармен қатар жүрді. Тәуелсіздік жолында қазақ халқы қайталанбас ерліктің үлгілерін көрсетті. Мысалы, Ресей деректеріне сүйенсек, 1643 жылы 600 адамнан тұрған Жәңгір хан басқарған қазақ жасағы 50 мың жоңғар жасағына қарсы тұрған. Бұл атақты 300 спарталық жауынгерлердің ерлігіне тең қазақ тарихындағы үлгі.


XVIII-ші ғасырдағы қазақ тарихы ел тағдыры үшін шешуші сәттерге толы, қайғылы да қасіретті кезең. Бұл қазақтың өз мемлекеттігі мен тәуелсіздігі үшін күресте жанталасқа түсіп, «найзаның ұшына, білектің күшіне» жүгінген қиын-қыстаулы тарих беттері. Тәуке ханның өлімінен соң басталған ішкі саяси бытыраңқылық қазақ халқының басына төнген сыртқы қауіппен қосталды. Жан-жақтан: солтүстік пен батыстан – Ресей мемлекетінің, оның қоластындағы башқұрт, қалмақтардың, шығыстан – жоңғарлардың, оңтүстіктен – Орта Азия хандықтарының саяси қысым жасады. Қалыптасқан саяси жағдай мен ішкі алауыздық қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған Ақтабан-шұбырынды қасіретіне әкелді.

Зар-заман шығармашылығындағы дәуір сипатын ашатын халық мұңының жолдарын келтіретін болсақ:

**Бақ дегенім сорға айналды,
Тақ дегенім көрге айналды,
Көкірегіме шер байланды, толайым
Жер дегенім көбенек пе,
Ел дегенім ебелек пе,
Ер дегенім көбелек пе, ағайын
Атамекен – алып тозақ,
Мойыныңды қамыт қажап,
Мойыдың-ау, ғарып қазақ, аһ ұрып.
Найзағайлы намыс қайда,
Қайта бізбен табыспай ма,
Ата жаумен алыспай ма, ақырып** –

деген өлең жолдары заманның бүкіл келбетін, халықтың мұң-сырын ашады.

Дәл осы тарихи кезеңде қазақ халқына құрып кету қаупі төнді. Ел басына ауыр күн туды. Сол кездің өзінде халқының болашағы үшін бүкіл күш-жігерін салатын суырыла сөйлейтін шешендер, топты бастар көсемдер, ту ұстайтын батырлар, елді ерлікке шақыратын жыршылардың бастауымен тәуелсіздікті сақтап қалдық. Халқымыз тәуелсіздігі мен болашағы үшін Бұланты мен Аңырақай шайқастарында ұлы жеңіс-



терге қол жеткізіп, құрып кетуден аман қалды.

Ресейдің отаршылдығы мен Кеңестік дәуірлерде халқымыз тәуелсіздік жолындағы 300 жылдық ұлы күресі мен қажырлы еңбегінің арқасында бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тек кейінгі екі ғасырдың ішінде халқымыздың өз бостандығы жолында Ресей империясы мен басқа да отаршыларға қарсы екі жүзден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққаны – халқымыздың тәуелсіздікке ұмтылысының айғағы. Тарихымыздағы Сырым мен Исатайдың, Кенесары мен Жаңқожаның ұлт-азаттық күрес-тері,

**Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап,**

хал арам бол,

Қарағым, енді жату жарамас-ты, –

деп халқының болашағы үшін жан азабына түскен кешегі Алаш зиялыларының күресі, Желтоқсанда қазақтың болашағын аңсаған қазақтың жастарының алаңға шығуы – тәуелсіздік жолындағы күресіміздің айғағы. Тәуелсіздік тұғырының нығаюына Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үлесі аса зор. Президентіміздің басшылығымен бүгінгі күні егеменді еліміз бүкіл әлемге танымал, қарқынды дамып жатқан елге айналып, Мәңгілік Ел идеясы аясында халқымыз бірігуде.

Тәуелсіздік – ата-бабамыздан мирас болып қалған ұлы құндылықтарымызды: ділімізді, тілімізді, дінімізді жаңғыртуға мүмкіндік берген асыл қазына.

**Тәуелсіздік – біз үшін көпті берді,
ал біз тәуелсіздік үшін не бердік? Ой-
ланайық, ағайын! Тәуелсіздік – бақта
өскен гүл сияқты, әрбіреуіміздің нәр
себуімізді талап етеді. Тәуелсіздіктің
тірегін нығайту елдің әр азаматының
қолында. Егемен мемлекетіміздің тамы-
ры тереңдеп, тәуелсіз еліміздің шаңы-
рағы берік болсын, ағайын!!!**

Қайрат БАТТАЛОВ,
т.ғ.к., С.Торайғыров атындағы ПМУ
Қазақстан тарихы кафедрасының
меңгерушісі

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ ЖЕЛБІРЕП...

Жаңа ғана қазағымның
таңы атты,
Елі үшін алу мақсат –
алғыс, сауапты.
Әр отбасы, әрбір қазақ,
әр адам,
Тәуелсіздігін сақтау
үшін жауапты.

Тәуелсіздікке қол жеткізу азаттық жолында құрбан болған, азап шегіп, қасірет тартқан аға-апаларымыздың арқасында бүгінгі жас ұрпақ біздер бақытты ғұмыр кешудеміз. Ата-бабаларымыз қанын төгіп, жанын беріп аңсап кеткен Тәуелсіздікке біз қол жеткіздік. Еліміз көптеген жетістіктерге жетіп, әлемге танылып отыр. Осының бәрі татутәтті өмір сүріп жатқан халықтың және еліне тынбай еңбек етіп жүрген Елбасымыздың арқасы. Мұны Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жан-жақты білімділігі, кемел ойы, кемеңгер ата-бабаларымыздан тамыр жайған парасаттылығы,

салиқалы саясатының нәтижесі деп білу керек. Әр жыл ел дамуына ерекше орын алатын бағыттарға арналып, тарихымыз таразыланды, бірлігіміз бекіп, мәдениетіміз өсіп, денсаулық саласы нығайып келеді. Осының бәрі – тұңғыш рет әлемдік дәрежеге көтерілген мемлекеттің түтінін түзу шығарып, іргесін бекітудегі алдыңғы толқын ағалардың 23 жыл уақыт ішінде атқарған жұмыстары. Ендігі жерде сол алдыңғы толқыннан үйренетін, үлгісін, тәлімін алатын, қанатты ісін жалғастыратын дәстүр біздің еншімізге де тигелі отыр. Сол жақсы үрдісті жалғастыру біз үшін перзенттік қарыз да парыз болып саналады. Осы арқылы кейінгіге біз де із қалдыруға тиістіміз. Ол үшін жастықтың жалынымен, бойдағы күш-қуат, қарым-қабілетпен, ойдағы ұшқынмен Отан – Ананың тірегі болуымыз қажет. Оның үстіне, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, XXI ғасыр – білім, ғылым, бәсеке ғасыры болмақ. Оған төтеп беру үшін рухтың мықтылығы, ұжданның күштілігі, елге, жерге деген адалдық керек. Әрбір азамат өзінің мемлекетінің өткеніне, бүгінгіне және ертеңіне тікелей қатысын сезініп, Отан тағдыры үшін өзіне жеке жауапкершілік жүктелетінін терең білгені жөн деп ойлаймын. Еліміздің бүгінгі тамаша өмірін мақтан ете отырып, сан-саналы өміріміздің нәрі-халықтың ынтымағында, бірлігінде, бейбіт өмірінде деп түсінемін. Біздің еліміз – қазақ халқы және жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің ынтымағы жарасып отырған мемлекет. Елімізде өзге мемлекеттер қызыға қарайтын береке, тыныштықтың болуы – өзара достық қатынастың жемісі. Барша қазақ жұртын тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Аспан түстес көк туымыз бейбітшілік көгінде желбіреп, Әнұранымыз асқақтата шырқала берсін! Бақытымыздың бастауы – кемел еліміз Қазақстан жасай берсін!

Замира СОЛТАНОВА,
ЖҰР- 201 тобының студенті

ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛ ТҰҒЫРЫ

➤ «Аллаға шүкір бұл күнді бізге көрсеткеніңе!», деп бастайын бұл мақаламды. Иә, шыныменде ананың зарымен, бабаның қанымен келген бұл күнді көріп отырған бізде арман жоқ шығар. Тарихтың тереңдей тұнған сырларына көз жүгіртер болсақ, хан Абылайдың тұсынан басталған талас-тартыстан, зұлмат соғыстан көз ашпаған қайран елім-ай десеңші!

Аңсағаның тек бостандық, еркіндік, егемендік болмап пе еді. Бұл қол жетпес биік арманға қол жеткізу де, оңай болмасын кім білген. Бұл жолда азаттықтың ақ таңын көре алмай кеткен адамдар жайлы айтпай кету дұрыс емес. Расыменде, елім, жерім деп ет жүрегі елжіреп, қасық қаны қалғанша күрескен, сол жолда батырлықпен көз жұмған қаншама есіл батырлар бар. Сол адамдардың ақ үміттері бүгінгі таңда ақталды ма екен?! Қандай нәтижеге қол жеткіздік? Тәуелсіздік тұғырын қаншалықты биік ұстап, мемлекеттік тілімізді құрметтеп келеміз, деген жүректен шыққан сұрақтар жан дүниемді мазалап жүр.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 23 жыл толды. Басқа елдер қызығатындай дәрежеге жеттік. Қазақстан Республикасына 23 жыл болса, еліміздің ең алғашқы тәуелсіз біз деп жариялаған күнінде дүниеге келген жас өрендер де жиырмадан асты. Көзді ашып жұмғанша ер жеткен ел болдық. Қарап отырсақ көп те, аз да емес. Қаншама рет еліміз жиырмаға тодық деп жар салсақ та, айтқан ауымыз шаршамайтындай ерекше күйге түстік. Бұл күнге жаңа айтып кеткенімдей оңайлықпен жетпедік. Бүгінгі Тәуелсіздігімізге жетуге себепші болған қайғылы, қанды «Желтоқсан» көтерілісі жүрегімізге өшпестей із қалдырды. Бұл күнді біз сияқты келер ұрпақ есінде мәңгілікке ұстайды деген үміттемін. Сол жолда күрескен батырларымызға тағзым етіп, ерліктерін дәріптеп,

есімдерін ұлағаттап, құрмет көрсету дәл қазіргі кезде біздің парызымыз. Қасық қандары қалғанша күрескен Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатайұлы, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сынды батырларымызға деген алғысымыз шексіз. Бұл батырларымыз өз өмірлерін ұлы іс жолында құрбан етті. Тарихта есімдері алтын әріппен жазылды. Сол кісілердің құрметіне ескерткіштер қойылды. Міне, көріп отырғанымыздай еліміз, халқымыз бұл батырларымыздың ерен еңбегін бағалап, есімдері өшпесін деп үлкен игі істер жасалыпты. Сол оңайлықпен келмеген жеңіс туын болашақ ұрпақ қаншалықты түсініп, қандай игі істер жасап, батырларымызға деген құрметін қаншалықты дәлелдеп жүр екен?! Яғни, айтайын дегенім біз жеке дара мемлекет болып жарияландық. Еліміздің тәуелсіз ел екенін айқындайтын төлқұжаты болу керек. Ол бізде бар. Яғни, Ту, Елтаңба, Әнұран, Ата Заң және мемлекеттік тіл. Осы төлқұжаттарымыздың барында біздің еліміз егеменді ел екендігі белгілі.

Тәуелсіздіктің тағы бір жетістігі – әрбір шаңырақта ана тілімізге жан бітірдік. Ақ бесікте жатқан кезімізде-ақ анамыздың ақ сүтімен бойға сіңген, қасиетті ана тілімізде сөйлеу біз үшін үлкен мәртебе болды. Тәуелсіздік алған күннен бастап ақ өз тілімізде сөйлеп келеміз. Ал оған дейін бұл тілімізді түкпірге, бір қуысқа жасыруымызға тура келгені бәрімізге белгілі. Қазақ балаларына өз тілінде сөйлеуге тыйым салынып, қазақ мектептерін азайта бастапты. Соған қарамастан қазақ ұлты тілінің көп уақыт мемлекеттік тіл дәрежесіне қызмет ете алмағандығына, қолданылу өрісінің тарылғанына қарамастан, ата-бабадан ғасырдан-ғасырға жалғасып келе

жатқан бай мұра екендігі тайға таңба басқандай айқын байқалып тұр. Тәуелсіздік тұғыры құламастай белін бекем байлады дедік, ал осы мемлекеттік тіліміздің қолданылуы, бұл тілде халқымыз қаншалықты сөйлеп, нағыз мемлекеттік тіл болып қалыптасуына алтын діңгектей қайтып құламысына кім кепіл бола алады? Әрине, еліміздің жас, болашақ ұрпақтары. Қадыр Мырза Әли ағамыз айтқандай:

Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, – дегені осы тұста айқын байқалады. Иә, керек болса орысша да, ағылшынша да басқа тілдерде сөйле. Ең бастысы өзіміздің мемлекеттік тіліміз шетте ысырылып қалмағаны жөн.

Менің байқауым бойынша қазір тіліміздің өресі кеңейіп, бұл тілде тек қана елімізде тұрып жатқан адамдар ғана емес, сонымен қатар алыс-жақынды басқа елдердегі қандастарымыз сөйлеп, насихаттап жүр. Біздің еліміз көпұлтты мемлекет. Яғни, 130-дан астам ұлт өкілдері тұрып жатыр. Оларда бұл тілде сөйлейді. Демек, біздің мемлекеттік тіліміз бізге ғана ортақ емес, басқа да ұлт өкілдеріне де ортақ тіл. Басқа ұлт өкілдері біздің тілімізде сөйлеп отырғанда, біз соны көріп отырып қалайша өз тілімізде сөйлемеске. Бұл біздің маңдайға жазған бағымыз, арымыз. Оны дұрыс қолдана білу біздің міндетіміз.

Сөз соңында айтайын дегенім қолымыздағы бақ құсымызды ұшырып алмай, дұрыс ұстау келер ұрпақ, біздердің еншімізде. Тәуелсіздік тұғыры биік болсын десек, мемлекеттік тілімізді

жетік білу біздің міндетіміз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мына өлең жолдарыммен аяқтағанды жөн санаймын:

Ана тілім өшпесін,
Ана зары ақталып.
Ана тілім өшпесін,
Бабам қаны тапталып.
Ана тілім өшпесін,
Бала тілі былғанып.
Ана тілім өшпесін,
Тұңғыыққа оранып.
Ана тілім өшпесін,
Тарихымды талқандап.
Ана тілім өшпесін,
Халқымды қан қақсатып.
Ана тілім өшпесін,
Шаңырақты шайқалтып.

Ана тілім өшпесін,
Елдігімнен айрылып.

Ақмарал ЕРМАНТ



ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ

Мен жоғары оқу орнының студентімін. Мен жаспын. Осыдан 28 жыл бұрын мен секілді жас азаматтар және азаматшалар Отаны үшін жандарын құрбан етті. Ол тарих сахнасында 1986 жылдың «Желтоқсан оқиғасы» деп сақталды.

1986 жылдың желтоқсаны туралы ойласам қиялым қия кезіп, ұзақ толғанамын. Себебі бүгінгі тәуелсіздікке желтоқсан оқиғасына қатысушылардың көз жасына малынып жеттік. Сондықтан да бүгінгі көріп жүрген тәуелсіздік біз үшін қымбат. Сол күні алаңға шыққан жастардың үлкен армандарының жүзеге асуына қазіргі таңда біз куә болудамыз.

Сол ызғарлы күні бақилық болған аға-әпкелеріме құрметім шексіз. Жалындап тұрған жастың шағында қазақтың білімге құштар жастарының өмірлері қиылып, жиырмасыншы көктемін көре алмай кетту-ау. Өшуді емес өсуді армандаған қазақтың білімді жастарының қанға шомылып кеткені жүрекке ауыр тиеді. Оларды жаужүрек, өжет еткен де еліне деген үлкен махаббат еді. Желтоқсан оқиғасына қатысқан әрқайсысының бойында отансүйгіштік қасиет сіңіп тұрды. Күре тамырында ағып жатқан қазақтың асыл қаны оларға қайтпас қайсарлық пен рух сыйлады. Еліне туған сын сағатта кеудесін жауға тосқан сол күнгі жастар бүгінгі өскелең ұрпаққа өнеге. Қазақ аруларының бұрымынан сүйреп жатқаны Қайрат, Ербол сияқты қазақтың жігіттерінің ұлттық намыстарына тиіп, бос қарап тұра алмады. Олар орталық алаңда үлкен ерлік көрсетті.

Бүгінде анамыздың ақ сүтінен дарыған ана тілімізбен, ата – бабаларымыздың төккен қанымен дарыған тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін түсінеміз. Жас ұрпақ өз Отанын қастерлеп, елдің дамуына өзіндік бір үлесін қалдыру қажет.

Бейбіт заманда басымызға түскен қиындықты осы күнгі жастар білімімен, биік талғамымен өзге мемлекеттерге дес бермей, рухани тұрғыда мықты болса, кез келген қиындыққа төтеп бере алады деген ойдамын. Кешегі желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтардың басты тілегі тәуелсіздіктің ақ таңын көру еді. Ал бүгін егемендік алып, еңселі елге айналдық. Сондықтан біздерге артып отырған үміт өзгеше. Ол жастардың толық мәнді білімді болуы, әр нәрседе толеранттық таныту, еңбек ету, мемлекетіне адал қызмет атқару. Ал ең бастысы қиындықпен қол жеткізген егемендігімізді сақтап қалу үлкен міндет. Әр жас адам өзінің Отанына деген үлкен махаббаты болу керек. Бейбітшілікті сақтап қалу бізге ата-бабамыздың қалдырып кеткен аманаты. Ал аманатқа қиянат жасауға болмайды.

Назгул РАБИЛОВА,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ «Журналистика»
кафедрасының 3 курс
студенті





Керекудің данасы мен дарасы 5

> Еркелі Ертіс, Көкжиекті Керекудің Баянауыл өңірінің сапары алысқа көз тіктірген тіршілік көзі мен табиғаттың алтын құрсағы талай құлагер ақындарды өмірге әкеліп, өнегесімен өлмес із қалдырғанын есіңізге ала қалсаңыз, көз алдыңызға әрбірі бір-бір құзіретті ие еткен мұзарт шыңдар елестейді... Аспанмен астасып, бұлттармен достасқан сол шыңдарға, сол алып тауларға қарап тұрып кейде тау баласы болғың келеді, таудай асқақтықты, биіктікті армандайсың.

Асым сөздің иесі

Баянауыл өңірінің осындай асқар-асқар таулары мен биік-биік белдері қандай көп болса, аялап өтер алыптары да сондай көп... Міне сол алыптардың, жүйрік құлагерлердің қазақ әдебиеті майданында қосқан сәйгүліктерінің шабысы әлі күнге дейін бүкіл қазақ халқының есінде... Әрдайым олардың рухына, данагөйлігі мен інжу маржандай сөздеріне бүгінгі ұрпақ мына біздер бас иеміз... Туған өлкем Керекудің «Тұлғалары» әрбір Керекуліктің құлағында сағаттай тарсылдап тұруы міндет деп есептеймін. Осы міндеттің жүзеге асуына SMS+ жастар газетінің «Көкжиекті Керекудің данасы мен дарасы» атты айдарының тамшы болып тамарына сенемін!

МӘШҰР-ЖҮСІП КӨПЕІҰЛЫНЫҢ ӘУЛИЕЛІГІ ТУРАЛЫ

«Жақсыдан – ғибрат, жаманнан – кесепат» демекші, халық жадында есімдері ұзақ сақталған әулиелер төңірегіндегі ел арасында әңгімелер көп. Ал аңыздың анасы-ақиқат екенін ескерсек, әулиелік пен дарындылықтың әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін ерекше қасиеттер екеніне көзіміз жеткендей болды. Тек қана жастайынан сергек сезімді зейінді болып, қанатты сөздердің қадірін түсіне білген: Бұқар жырау, Төле би, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім сынды асыл жандар ғана елінің ыстық ілтипатына бөленді. Кейінгі уақытта, әсіресе республикалық басылым беттерінде «Әулие, дара тұлға» деген сөздер көбейіп кетті. Ал осы киелі сөздің өзі Мәшһүр-Жүсіп сынды бір туар тұлғаларға айтылғандай. Қазақтың кең даласында өскен, дархан мінезді дуалы ауыз, әулие Мәшһүр-Жүсіп бөгіліп қалған бұлақ көздерін аршып, бізге таусылмас рухани азық, жұтамас байлық қалдырды. Жазушы Ө.Тәжібаев: «Мен Мәшһүр-Жүсіптің атын қаршадайымда естісемде, оның кім екенін білгір баяндауға қартайғанымша жараған емеспін. Сонау қатал жылдары өміршілдік екімішлдік қаһарына ұшыраған аяулы азамат та өзгелер сияқты құлып-таулы болды», – деп қынжылыс білдірсе халық қаһарманы Ш.Шөкіұлы: «Мен үшін Мәшһүр-Жүсіптің сөзіндегі ең қадірлісі оның өмірдің өшпейтіндігі жер бетіндегі тіршіліктің кездейсоқ пайда болмағандығы жөніндегі сара пікір», –деп әулиенің білімі түпсіз шыңырау екенін баса айтады.

Әуелгі Әлиф алланың аты болар Би бес парыз пенденің жасы болар, Кімде кім құран кәрім сөзін білсе Аузында ас, астында аты болар Тұрарда таң намазға кер боларсың Шығарда шыбын жаның кер боларсың Таудан биік күнәміз болсадағы Аллаға шын жыласаң өзі кешер, – деп шабытты шабысынан талмай, табиғаттың тылсым сырын игерген Мәшһүр-Жүсіп Қожа Ахмет Яссауи мен

Әл-Фараби сияқты өзгеге бой бермес шыңырау мұхит.

Р.Әбдірашұлының сөзімен айтар болсақ: *Кәшінде адамзаттың ұлы болған, Бойында күн сәуленің нұры қонған Іздесең Мәшһүр-Жүсіп табылады Әл Фараби бастаған ұлы жолдан.*

Ұша білген қанатқа әрдайым дүние кең. Бірақ сол кеңдікке қол жеткізе алатындар алғыр ойдың иелері ғана. Көзіңді қызықтырып көңіліңді желіктіретін құнарлы, шырайлы бұлақтардан нәр алып қана, бізде бабалардан жеткен кең дүниені игілігімізге пайдалана аламыз. Сонда ғана өнер мен білімнің таусылмас дария екеніне көз жеткізісің.

Бір жылы Мәшһүр-Жүсіп пен Шәкәрім қажы бір дастарханның басында кездеседі. Қысқа да болса, біраз әңгімелеседі.

Кетерінде әулие:

– Аумалы – төкпелі заман келе жатыр, біреуміздің ажалымыз Алладан, біреуміздің ажалымыз адамнан болар, – депті. Сонда Шәкәрім:

Пешенемізге жазылғанды көреміз, – десе керек. Екеуі де енді көріспестей қоштасады. Мәшһүр-Жүсіп ауылдан ұзап кеткен соң, «Әулиеге бұл сөзді періштелері айтқызды ма екен?» деген оймен Шәкәрімде елге қайтады.

Бұл екі тұлғаның Мусаның асынан кейін кездесіп тұрған төртінші кездесуі болса керек. Арада біраз уақыт өткен соң Мәшһүр-Жүсіп сапарға шығуын тоқтатады. Ал Шәкәрімі болса көп ұзамай ОГП-нің «жан алғыштарының» қолынан қаза табады...

...Бірде Мәшһүр-Жүсіпке Әбдәйлде қажы сәлем беріп, біразы шарифат таластыруға келеді. Екеуі түннің бір уағына дейін армансыз әңгімелеседі.

– Жастарымыздың бүгінгі тынсы-тіршілігі мені алаңдатты. Болашақтағы ізбасарымыз қандай болар екен? – деген Әбәйлдің сұрағына:

«Өздері аласа туар, Аласа туса да, таласа тура Мазасыз зарлауық болар. Жесе нанға тоймас Боқтаса дымыңды қоймас. Ішкені арақ, тартқаны наша, Бұзықтықтан басқаға мойын бұрмас», – деп өлеңдете жөнелсе керек.

Мәшһүр-Жүсіптің білмейтіні жоқ екен, – деп тамсанып отырған ұлы Әбдірахманға Абай: – Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіп құрдас екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр-Жүсіп те ақын. Дегенмен, ол ақын болға-

нымен құдайға жақын. Сондықтан Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой, – десе керек.

Қара күш иесі Қажымұқан туралы Талиға Бекхожина «Әншілгі де бар еді» – деген әңгімесінде: «бір басқосуда Алтай өңіріне келген бір ақын Қажымұқанның жұрт алдында беделін сөзбен түсіруді жөн көріп:

– Мәшһүр деген әулие шығыпты ғой, бір өзінің бойында бірнеше өнер бар деп естідім. Сонымен күреске шықсаң, жеңіліп тынарысың, – деп қарқылдап күлсе керек. Сонда Қажымұқан.

– Мен ол кісінің алдына барып, тізерлеп отырып өзім жеңілер едім. Әулиеге тіл тигізбей жайыңа жүр, – деп ашуланып кетіп қалады.

«Дүниенің базарында, арзан нарқым, Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым. Тіршілікте ағайынға қадірім жоқ Өткен соң, өттеген-ай, дерсіңі халқым», – деп Мәшһүр-Жүсіп өзі көз жұмған соң, есімнің көпке дейін сыңар жақ, солақай көзқарастың алдында боларын сезген болар. Мәшһүр-Жүсіп көз жұмғаннан бергі алғашқы 30 жылда ақынның жүрегінің түбінен шыққан, халыққа рухани азық боларлық шығармалары көлеңкеде қала берді.

Шамамен 1908 жылдары Мәшһүр-Жүсіп: «Ақиқат жолында жалындап, Алланың жазуымен емес, адамның қолынан қаза болған-дар-

Мұса Шорманов-

тың өмірден қайтқанына қырық күн толғанда жақын-туыстары ас береді. осы асқа арнайы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те шақырылады. Ас үстінде төрде отырған Мәшһүр-Жүсіптен халық дұға тілейді. Мәшһүр-Жүсіп нұлһу Алланы үш рет қайырып әмин, – деп қысқа дұға қайырады.

– Ойбай-ай, Мәшеке, Мұса мырза адамзаттың абзалы еді... ,енді біреуі:

Мәшһүр-Жүсіптің мейірімі

Мәшһүр-Жүсіп пен Иманғали бір сапардан келе жатып, ат басын далада жеке тұрған киіз үйге тірейді. Мәшһүр-Жүсіп:

– Құлшашарлары бар ма екен? – деп сұрайды.

– Жылаған дауысы шығады, – деп Иманғали жауап береді.

– Е, құдай жарылқаған екен, – деп арбадан түсіп, үйге кіреді. Үй иесінің есі шығып, ас әзірлеуде. Іші пысып отырған Мәшһүр-Жүсіп:

– Мен саған өрік-мейіз беремін, ал сен маған қанша мал-

дың ғасыр соңында жұлдызы жанар» – деген екен.

Мәшһүр-Жүсіп:

Қаракесек Бекболаттың Заманы – Қасқыр деген Заман еді.

Жамандық пен бұзықты

Басқа ұр деген Заман еді.

Айдабол Тайкелтірдің Заманы –

Қаракесек Алшынбайдың заманы

Қарсақ деген Заман еді.

Шұршіттің темір қақпаны,

Мұжықтықтың көндірі арқаны

Жетпіс жылда бір шірір» – деп еді.

Иә, 1986 жылғы жастардың толқуы мұжықтың көндірі арқанын шірітіп қана қойған жоқ, тас-талқанын шығарды емес пе? Оның алмастай нұрлы, семсердей өткір бағалы сөздері, дуалы ауыздан шыққан шуақтай жылы өлеңдері, адамзаттың жан түкпіріне жарық түсіріп қана қоймай жаңа өмірдің жайлауына шақырған жарқын өмірдің жаршысы...

(Ө.Пазыловтың «Мағлұматты М.Ж.Көпеев», Қарағанды қаласы «Болашақ» баспасынан, 2006 жылы жарық көрген кітабынан ықшамдалып алынды.)

Ұлжан ТӨЛЕУ

Мәшһүр-Жүсіп туралы аңыз-әңгімелер:

ОДАН АРТЫҚ НЕ КЕРЕК?

–Тіршілігінде сыйласқан жан едіңіз ғой, бір тәуір дұға болмады ма? – дегенде, Мәшһүр-Жүсіп:

– Ықылас сүресі қандайда оқылады?–деп өздеріне сұрақ қояды.

– Ол әр жерде оқыла бермейтін аяттың абзалы ғой, – деп бір ақсақал жауап береді. Сонда Мәшһүр-Жүсіп:

– Ендеше мен адамзаттың абзалы мен дұғаның абзалын табыстырдым. Одан артық не крек? – депті.

дарың бар, соны айтшы,–деп баладан сұрап, үй иесі жөнінде мағлұматтар алады. Дастарқан жайылып, шай ішіліп отырғанда Мәшһүр-Жүсіп үй иесінен:

– Қанша сиырың бар? – деп сұрайды. Үй иесі:

– Үш сиыр бар, өзімізге жетіп жатыр, – дейді.

– Жалғыз сиырың үшеу болғанша қай заман? Балалы үйдің ұрлығы жатпайды. Өлгінде әкем кедей деп балаң айтып берген. Мына көрші бай бір үйір жылқы беріп еді, соны қазір менімен бірге барып айдап әкел де, балаңның игілігіне жұмса. Ал Иманғали, тұрарлық, тамақ ішіп отырып, талай қызықтан қаламыз, – деп Мәшһүр-Жүсіп тұрып кетсе керек.

МӘШҰР ЖҮСІП
КЕСЕНЕСІ



АЗАТТЫҚ РУХЫ

Қайрат ағаның рухына

Дарынымен ұғынған дала сырын,
Ақ сүтімен дарыған анасының.
Арыменен айқасты ұлты үшін,
Қаныменен келген соң бабасының.

Қамшыңды бас намыс үшін алаш елі,
Халықының ол көзінің қарасы еді.
Жалаң қыл шабатын мылтықтыға,
Қасқыр мінез қазақтың баласы еді.

Жанын салып қорғады кеудесімен,
Қайратын көрсетті ғой қаныменен.
Түндігін бодандықтың түре білген,
Арайлы азаттықтың таңын берен.

86-да желтоқсанның таңы атқанда,
Бар әлемнің назарын қаратқан-ды.
Жеті жұрт жалынғандай жаратқанға,
Тағлымы тәуелсіздік таратқан-ды.

Намысы Қайрат ұлдың өрледі,
Әділдік емес пе еді ар еңбегі.
«Мен жастарға сенемін» деген Мағжан,
Жырының ақиқатын ол дәлел етті.

Желтоқсан жел азынап жылап тұрды.
Сары аязы сәгіліп маздап тұрды.
Ошағын қазақтың ойран етті,
Ел-жұртыма төндірді қара аспанды.

Ерте кездесті ол сұм ажалмен,
Жұдырықтай жүрегі аялдады.
Қыршын жастың өмірі үзілсе де,
Үміті азаттықтың үзілмеді.

Қарыштап өмір өтті қас-қағымда,
Жұпынып кетті-ау жас шағында.
Тәуелсіздікке күе болып жүрген шығар,
Рухы азаттықтың аспанында.

Замира Солтанова,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

Тәуелсіздік жемісі

Елдікке жеттік аңсаған,
Тәуелсізін деп жар салам.
Жаңа тарих беттері,
Сол күннен-ақ басталған.

Жаңа дәуір басталды,
Артта қалу жоқ енді.
Елбасымыз Нұраға
Көшбасшы боп келеді.

Белестерге бел байлап,
Тәуекел деп көреді.
Бірлікті ел әрқашан да,
Тек қана алда жүреді.

Тіл мен дінді пір тұтып,
Ана тілде сөйлейді.
Тарихтарын жыр ғылып,
Ұлағаттап жүреді.

Өнұранды орындап,
Жүректерін тербейді.
Туымызды желбіретіп,
Хан-Тәңірге өрлейді.

Елтаңбаны ерек қылып,
Елдігіміз бұл дейді.
Қазақстан әрқашанда
Жеңісті ешкімге бермейді.

Ақмарал Ерманат,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
студенті

Азат елдің қызымын

Азат елдің қызы боп жыр жазамын,
Нұрланса Ұлы Отаным нұрланамын.
Десе жұрт Қазақстан-Ғажапстан,
Жаным мен елін сүйген бір баламын.

Сыйдырып кең өлкемді жанарыма,
Сенімді серік етем қаламыма,
Оқимын, еңбек етем елім үшін,
Ешқандай кедергі жоқ талабыма.

Өркендер, мен сенемін тілім менің,
Қайтадан қаламаймын бүлінгенін.
Онсызда теперішті көп көріп ек,
Қатесін кешіреміз сүрінгеннің.

Қолдаймыз алға үңілген талаптыны,
Әлі-ақ өркен жаяр қазақ тілі.
Елін сүйер ұл-қызы ой түзесе,
Айбарын асырады Алаш тілі.

Десек біз тілім-менің, үнім-менің,
Ешқашан келешектен түңілмегін.
Ертең-деп, арғы күн деп аял қылмай,
Бастайық батыл қадам бүгін дермін.

Маратова Нұрсұлу,
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік
университетінің студенті

ЖАСТАРҒА КЕҢЕС

SMS+ газетінің оқырман-дарына Мәшһүр Жүсіп мешітінің найб имамы Берікбай Германұлы мынандай кеңестер ұсынады:
Пайғамбардан жастарға 40 хадис
Иман

1. «Сізден біріңіз, өзі үшін қалағанын басқа бір мұсылман бауыры үшін қаламайынша, шынайы мұмин бола алмайды».
2. «Сізден біріңіз, Мені өз баласынан, әке-шешесінен және барлық адамдардан артық сүймейінше, шынайы мұмин бола алмайды».
3. «Сіздің біреуіңіздің қалауы, Менім әкелгеніме – Құранға сай болмайынша шынайы мұмин бола алмайды».
4. «Мұмин, мұмин бауыры үшін бір-біріне қолғабыс ететін бір құрылыстың керпіштері тәріздес».
5. «Аллаһ, менің сөзімді – хадисімді естіген, оны терең түсінген, жаттаған және басқаларға естірткен кісінің жүзін нұрландырғай!»
6. «Кімде-кім ілім үйрену мақсатымен жолға шықса, Аллаһ осы себепті оған ұжымақтың жолын оңайластырады».
7. «Аллаһ кімге қайыр қалар болса, оны дінде фақир-терең түсінік және ілім иесі етеді».
8. «Аллаһ атымен ант етем, Аллаһтың, сенің себебіңмен бір адамды нидаятқа салуы, сен үшін қызыл – бағалы түйелердің иесі болудан әлде қайда артық».

Жалғасын газеттің келесі санынан оқи аласыздар

МЕНІҢ СҮЙІКТІ УНИВЕРСИТЕТІМ



АЛТЫН АДАМДАРДЫҢ БІР АУЫЗ СӨЗІ – ҒАНИБЕТ

Қасиетті Керекудің ауасын жұтып, кең даласында серуендеп жүргеніме екі-үш айдың жүзі болды. Осы күндер өзіндік қызықтарымен ерекше өтуде. Өзім қазақтың рухани астанасы Семей шаһарындағы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің филология факультетінде білімді ұштам жүрген жайым бар. Академиялық ұтқырлық атты бағдарлама бойынша Павлодар қаласындағы Сұлтанмахұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде білім алуыма сәті түсті.

Алғашқы күннен университеттегі өмірім қызықты басталды. Кураторымыз Раушан Мамырқызы жылы шыраймен бізді қарсы алып, тобымызбен таныстырды. Сөйтіп, білім ордасындағы «Қазақ филологиясы» кафедрасының студенті атанып кеттім. Ең алдымен айта кететін дүние, мүйіздері қарағайдай болған аты қазақ жұртына танымал профессорлардан дәріс тыңдап, ерекше әсермен қайтып барамын. Айта кетсем, Қуандық Фазылов, Жақсыбай Сарбалаев, Айтмұхамбет Тұрышов, Нартай Қуандықұлы, Раушан Мамырқызы, Мүбәрак Баратова, Мақпал Сейфуллина сынды білікті де білгір ұстаздардан дәріс алдым. Әр ұстаздың білім беру ұстанымдыры әр бағытта. Мысалы, Жақсыбай Тұрсынұлы білім беруге келгенде алдына жан салмайтын жан екен. Тіпті біздің топ студенттерін сабақ бағдарламасынан

тысы алып қалып, өзінің алтындай уақытын бөліп, дәріс оқиды. Ал Раушан Мамырқызы мен Мақпал Сейфулина ұстаздарымыз басқа да топтардың студенттері мен біздің топ арасында тамаша пікір алмасу сабақтарын өткізіп, белгілі тақырыпты диалог алаңы арқылы мақсатына жеткізе білді. Айтмұхамбет Тұрышов ұстазымыздың сабақ беру ерекшелігі тіптен керемет. Өз басым, Айтмұхамбет ағадан білгенім көп болды. Ең бастысы, Қуандық Фазылов сынды ұстазымыздан дәріс алғанымызды әрқашан мақтан етіп айтып жүретін үлкен жетістігіміз сияқты. Себебі, алтын адамдардан бір ауыз сөз естіп қалу ол әрине түсінген адамға ғанибет емес пе!?

Фил(қ)-301 атты тобыма тоқталсам, қазақтың сұлулығына ақылы сай қыздарымен толыққан екен. Топтағы студенттердің білімі мен жан-жақтылығы өзі бір төбе.

Басқа қаладан келген біздерге үнемі қолдарынан келген жақсылықты жасап, кеңестерін айтып, көмектерін көрсетіп жүрді. Сол үшін де ризамын!!! Сұлтанмахұт Торайғыров атамиздың атын арқалаған осындай ордалы оқу орынына келіп, өз орынымды тауып, біраз болса да қызықты күндерді өткізуіме себеп болған барлық жандарға алғыс айтқым келеді.

Маратова Нұрсұлу,
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті студенті, С.Торайғыров атындағы ПМУ-да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушы





Тәуелсіздік – төтті ұғым

Мен ата-анамнан, ұстазымнан Тәуелсіздік туралы көп әңгімелер естідім. Мен тәуелсіздіктің арайлы болашағында біреуге тәуелді болмай, өз елімде өмір сүргенім қандай бақыт! Сондықтан, елімнің тәуелсіздік тұғыры берік болсын демекпін.

Аллаберген Алтынай

Отанды сүю

Менің Отаным – Қазақстан. Отанымыз күннен-күнге көркейе берсін. Менің ойымша әрбір азамат өз Отанын құрметтеу қажет. Біз бақытты елдің балаларымыз. Әрбір оқушы «Маған Отаным не береді?» деп күтіп отырмай, мен Отанымға не бере аламын деген оймен талпынып, өте жақсы оқып, білімді азамат болып шығуы керек.

Тұрғанбекова Айжан

Қыс

Маған қыс мезгілі ұнайды. Өсіресе, қар жауып тұрған сәт. Жапалақтап жауған қар пішіні бір-біріне ұқсамайды. Қалықтап қонып, қалың қарға айналатыны өте керемет. Сұлулық деген осы шығар. Айналаның бәрі ақ мамыққа оранғанда, далаға шығып, серуендеу қандай тамаша! Таза ауаның иісі біртүрлі ерекше. Далада жүре бергің келеді. Суықтан беті-қолың қызарса да, рахат! Демалып, ширап жүресің. Әбден жаурағанда болмаса, үйге кіргің келмейді.

Акимжанова Дариға



Өз елім мақтанышым

Бүгінгі күнге дейін еліміз жақсы көркейіп келеді. Аяғына нық тұрған елімізге басқа елдер қызыға да, қызғана да қарайды. Мен өз мемлекетімнің рәміздерін мақтан тұтамын. Желбіреген көк туымыздың асытнда тұрып, Өнұранымызды айтқанда ерекше сезімге бөленіп, еліме деген сүйіспеншілік сезімі шексіз арта түседі. Мен үшін тәуелсіздік төтті ұғым ғана емес, баға жетпес қастерлі дүние.

Тілеуберген Ғұмар

Адал дос

Достың да неше түрлісі болады. Соның ішінде – адал дос деген ерекше ұғым. Адал дос – ол сенің жаныңды, сырынды жақсы түсінетін ешуақытта саған жамандық ойламайтын, тек қана жақсылық ойлайтын ақ көңіл, таза, шыншыл, өркөз жаныңда табылатын жан.

Мұса Аяулым

Тәуелсіздік тұғыры

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік желтоқсан айында аға-әпкелеріміздің ерлігінің жемісі. Осы тәуелсіздік тұғыры берік болуы үшін, ата-бабаларымыз айтқандай «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» деген даналық сөзін әрқайсымыз мықтап есте ұстасақ, тұғырымыз болаттай берік болатынына сенемін.

Иманбек Дархан

Тұңғыш Президент күні

Желтоқсан айының бірінші жұлдызы – Тұңғыш президент күні аталып өтті. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың теледидардан берген сұхбатынан біздің болашағымыз жарқын екендігі, біз мемлекет алдында саналы да, білімді ұрпақ болуымызға барлық мүмкіндіктер жасалғанын айтты. Олай болса, мен сияқты оқушылардың болашағы өз қолында. Ол үшін олар жақсы оқып, еліміздің мақтанышы болатындай тұлға болуы керек. Біздің еліміздің осындай бүкіл мемлекеттерге танымал болуы Елбасымыздың арқасы. Сондықтан өз мемлекетіміздің дамуына өз үлесімізді қосайық, жасұлан!

Қуандыкова Айғаным

Жақсы нәрсе

Бір күні әкесі банкоматтан ақша алған кезде Інжу қасында тұрады. Карточка салып, пернелерін басқанда ақшаны шыға келгенін көрген Інжу. – Мынау өте керемет ғой?! Үйге біреуін алсақ болады екен, – депті.

Аллаберген Алтынай

Әдепті бала – арлы бала

Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі. Осы әдептілік ережесін сақтау керек. Әдепті болу – әр баланың міндеті. Әдептілік адамның ең жақсы қасиеті. Әдепті бала болашақта өзінің жақсы азамат екенін дәлелдеп, аңсаған арманына жетеді. Үлкен адамға сәлем беру – кіші адамның міндеті. Кездескен кезде кіші адам үлкен кісіге сәлем бермей кетсе, ол әдепсіздік, көргенсіздік болады. Сыныпқа кіргенде әуелі мұғалімге, сонан соң жолдасына амандасу керек. Бала есейгенше барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, бойына сіңіре білуі тиіс.

Қаржаспаев Аңсар

Жақсы сөз – жан азығы

Менің ойымша дұрыс әрі мәдениетті сөйлеу әр адамның парызы. Жақсы сөздің жақсы энергиясы бар. Біздің халық біріне-бірі жақсы сөзді көп айтқан, тіпті әл үстінде жатқан науқастың өзі хал сұрағандарға жаманмын демей, тәуірмін дейді. Жақсы сөздер адамдарды өмірде кездесетін әртүрлі жақсылықтар мен жамандықтарды ажырата білуге жақсыдан үйреніп жаманнан жиренуге тәрбиелейді екен. Оларды бір-бірінен достық қатынаста болып үлкенді сыйлауға қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырап қамқор болуға үйретеді. Жан азығы – ана тілінде жақсы сөйлеу. Ана тілін қадірлеу – мемлекетіңді, ұлтыңды өзіңді қадірлеу деп түсінемін. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Сондықтан, ана тіліміздің құнарлығы мен шұрайлығын сұйылтып жүргеніміз – ұяттың ұяты деп ойлаймын...

Сабитова Қымбат

Менің қалам

Мен Павлодарда тұрамын, ол менің туған қалам, кіші Отаным. Сондықтан туған өлкемді қадірлеп, мақтан тұтамын. Мектебім де қаланың орталығында орналасқан. Павлодардың өзіндік тарихы бар. Қаламның бүгінгі көрінісі көз тартарлық. Ертіс жағалауы – павлодарлықтардың, қонақтардың демалыс орны. Павлодарды мәдени орталық ретінде көпшілік мақтаныш етеді. Мұнда Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театры, А.Чехов атындағы орыс театры, Өлкетану мұражайы, Бұқар жырау, Майра Шәмсутдинқызы атындағы және көркемсурет мұражайлары бар. Көптеген лицейлер мен орта арнаулы оқу орындары бар. Облыс орталығы болғандықтан ірі өнеркәсіп зауыттарынан алюминий, мұнай-химия, сүт өнімдерін шығаратын өндіріс орындары бар. Павлодардай көркем қалада өсіп келе жатқаным ризамын.

Абиджанов Ильяс



◆ Буленов Заттыбек Көпбосынұлы 1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы Кеңес ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген.

◆ Шығармашылық жолын 1995 жылы Бәйдібек ауданы «Шалдар» балалар саз мектебінде мұғалімдік қызметпен бастаған.

◆ 1997-1998 ж.ж. Шалдар мәдениет үйінде көркемдік жетекші болып еңбек еткен.

◆ 1999-2000 ж.ж. Шаншар таатрында қызмет еткен.

◆ 2000-2003 жылы Шымкент қаласы №71 орта мектепте музыка пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарған.

◆ 2004-2007 жылы Шымкент қаласы №2 балалар музыка мектебінде домбыра пәні мұғалімі қызметін атқарады.

◆ 2001, 2005 жылдары Республикалық «Шалқар термесі» термешілер байқауының лауреаты.

◆ 2008 жылдан бері жеке шағырмашылықпен айналысуда.

◆ Халық арасында тараған бірнеше «Ақмаржан, Немерем» т.б. әндердің авторы.



ЕРКІН СҰХБАТ



Өнердің жүгін де, жақсылығын да көтеруге бел бұдым

Павлодар өңірінің өнерсүйер қауымына арнайы концерттік бағдарламасымен келген Заттыбек Көпбосынұлымен сұхбаттасудың сәті түсті. Қымбатты оқырмандар, Сіздерді тартымды да әдемі өңгіменің куәсі болуға шақырамыз.

– Қайырлы күн Заттыбек Көпбосынұлы сізді Кереку өңірінде көргеніме қуаныштымын. Ең алғашқы сұрақ сіздің туған жеріңіз туралы болмақ. Қай өңірдің тумасысыз?

– Туып өскен жерім Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Кеңес деген елді мекенінде туып өстім. Жалпы туған ауылымның тарихы терең. Алғашқы белгілі академик Өмірбек Жолдасбековтың туған мекенінен боламын. Қазіргі таңға дейін біраз азаматтар осы ауылдан қанат қағып, биік шыңдардан көрініп жүр.

– Өнер жолына қалай келдіңіз?

– Адамға берілген әр қасиет ата-ананың қанынан тарайды деп ойлаймын. Маған да әншілік өнер анам мен әкеңің қанынан келіп, осы күнге дейін осы жолда жұмыс атқарып, бүгінгі күні өмірлік кәсібіме айналдырдым.

– Қандай мамандық бойынша білім алдыңыз?

– Оңтүстік Қазақстан облысында М. Әуезов атындағы ұлттық университетінде ән айту бөлімінде білім алдым.

– Отбасыңыз жайлы айтып кетсеңіз?

– Өзім көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Үйде 10 баламыз. Мен үйдің сегізінші

перзентімін. Ал қазіргі уақытта өзімнің отбасым, өз шаңырағым бар. Жұбайым, бір қызым бар. Қызымның есімі – Айзере. Қазақ халқына Зере деген ат жалпы таныс есім ғой. Өзінің ұлағаттылығымен, даналығымен барша қазақ әйелдеріне үлгі бола білген асыл ана, Абай атамның қамқор әжесінің есімін қойып, сұлулықтың нышаны айды алдына қойып атын Айзере деп атадық.

– Сіз халыққа «Ақ Маржан» әнімен белгілі болдыңыз. Ол ән Сіздің төлқұжатыңызға айналған сынды. Ендігі күнде осындай өміршең әндер дүниеге келе ме?

– Әр өнер адамы әнді жаздырар алдында осы ән халыққа ұнаса екен, осы ән мені алға жетелесе екен деген үлкен үмітпен жаздырады. Ал оны өз деңгейінде қабылдау халық қалауында және Аллаһның қолында деп ойлаймын.

– Өнер сахнасынан кетемін деген кездеріңіз болды ма?

– Өмір болғасын қуаныш та, қайғы да болады ғой. Алайда, менде әншілікті тастаймын деген ой болған да емес. Бірақ халыққа көрсетпейтін шаршаулар болады. Кейде басқа мамандықты тандағанымда басқаша болар ма еді? – дегендей тұжырымдар

ойға келеді, енді. Бірақ уақыт өте Алла бойға дарын бергесін, осы өнердің жүгін де, жақсылығын да көтеруге бел бұдым.

– Шығармашылығыңызда алда қандай жаңалықтар болады?

– Пендеміз ғой әлбетте жоспарлаймыз, армандаймыз. Ал оның орындалуы алдағы уақыттың еншісінде және еңбекке байланысты. Келесі жылдың аяғында үлкен концерт болу керек. тағы да ән кешін ұйымдастыру мақсат етіп отырмын.

Биыл көктемде Астана қаласында жаңа бағдарламамен өзімнің жеке шығармашылық концертін бердім. Жаңа бағдарлама, хит әндеріммен қалың қазақ жеріне өнер сапарымен ел аралап жүрген жайым бар.

– Бойыңыздағы ең жек көретін қасиетіңіз?

– Кейде сабыр деген қасиетті ұмытып жатамын. Шыдамсыздыққа бой алдырамын. Бұрын бұл қасиеттер бойымда көбірек тұғын, ал қазір уақыт өткен сайын сабырлы болуды үйреніп жүрмін. Көп жағдайда өз-өзімді сабырға шақырамын.

– Өмірлік ұстанымыңыз?

– Адам болып дүние есігін ашқаннан кейін адамгершілік деген қасиетті ұмытпауымыз

абзал. «Үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсету қазақ баласы үшін басты қағидалардың бірі ғой деп түсінемін. Кей адамдар биік мансапқа жеткесін төкаппарлық танытып, осы қасиеттерді жоғалта бастайды. Ең бастысы адам баласы «ұлық болсаң да, кіші бол» деген сөзді ұмытпаса игі.

– Өнер жолында кімдермен доссыз?

– Өнердегі алдыңғы буынғы ағаларымызбен де, кезінде аттарынан ат үркейтін театр, кино саласында жүрген майталман өнер қайраткерлеріне құрмет танытып, доспын. Замандастарыммен де көзқарасымыз түзу. Бірақ барлығын да дос деп қабылдауға да болмайды. Шығармашылық жолда бірге болғасын аға-әпке деп құрметтеп, жақсы араласамын.

– Сіз біздің өңірге келіп, қоңыр даусыңызбен қала тұрғындарына концерт бергеніңізге алғысым шексіз. Өмірде де, өнерде де жолыңыз болсын. Сұхбатыңызға рақмет.

– Әумин. Жалпы БАҚ өкілдерінің қоғамда алар ролі ерек қой. Қоғамды толық ақпараттандыратын сіздерсіздер. Сол себепті еңбектеріңізге жеміс тілеймін.

Назгүл РАБИЛОВА

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

ШАРА

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің академик С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың қазақ әдебиеті бөлімінде «Ұлт тілі – Мемлекеттік тіл: балаларға арналған көркем әдебиет» атты библиографиялық шолу өтті.



Адам өмірінде ана тілінің алатын орны ерекше. Бүгінде ұлт тілі – мемлекеттік тілді дамыту мәселесі халқымыз үшін де, Қазақстанда тұратын жалпы жұрт үшін де аса нәзік, маңызды фактор болып отыр. Осы орайда жас бүлдіршін мен жеткіншек ұрпақ тілінің қалыптасуына барынша көңіл бөліп, мемлекетімізде, ұлттық әдебиетімізде балаларға арналған көркем әдебиет шығарылып жатыр. Елімізде атқарылып жатқан ірі де игілікті істердің бірі – кітап шығару ісі екені белгілі. Жоғары оқу орны кітапханасының қазақ әдебиеті бөлімінің басты міндеттерінің бірі – студенттерді қазақ тіліндегі көркем әдебиетті оқуға ынталандыру, ой-өрісін кеңейту және де көркем әдебиет бөліміне студенттерді шақыру болып табылады. Осы орайда академик С.Бейсембаев атындағы кітапхананың көркем әдебиет бөлімінің жетекші маманы Жүрсила Абилюдинова жетекшілігімен өткен библиографиялық шолу туралы айта кетуді жөн санаймын.

Қазақ балалар фольклорын жинастырып, оны алғаш рет құрастырған, әрі ол еңбектерді «Қазақ хрестоматиясы» кітабына енгізген Ыбырай Алтынсарин екенін айтпай кету қателік болар. Оның бұл еңбегі 1879 жылы жарыққа шыққан. Сонымен қатар, Мұзафар Әлімбаевтың «Балдаурені», Қастек Баянбайдың «Жүз жұмбағы», Қайрат Жұмағалиевтің «Ақ тайлағы», Бейсенбай Сүлейменовтің «Күннен келген адамы», Қуанышбек Құрманғалидің «Базарлығы» сияқты әдеби кітаптармен қазынамыз одан сайын молая түсті. Енді, бұл кітаптарды бүлдіршіндердің ынталана оқитыны сөзсіз.

Танымал балалар ақыны Қастек Баянбайдың «100 жұмбақ» еңбегі мектепке дейінгі жастағы балалар мен төменгі сынып оқушыларына арналған. Бүлдіршіндер жұмбақтардың шешімін көркем суреттердің көмегімен тауып, әр түрлі тапсырмалар орындайды. Ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Соңғы кездері бүлдіршіндердің жастайынан логикалық қабілетін дамытып, әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген қызықты кітаптар жарық көруде.

Қазақ балалар әдебиеті, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері, жылдан жылға сан жағынан да, идеялық, тәрбиелік сапасы жағынан да өсіп келеді. Мұның қоғамдық зор мәні бар. Өйткені балалар әдебиеті – жас ұрпақтарға тәрбие берудің қуатты құралы десек әсте қателеспейміз. Балаларға арналған базарлық қоры ешқашан да өзінің қызықты кітаптарын шығарудан тоқтама-сын деген тілек білдіргім келеді.

Ақмарал ЕРМАНАТ

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: А. Тилей,
Ә. Абетжанова, Н. Рабилова,
Ұ.Төлеу, А. Ерманат.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 2622